

Б. Кәрібаев 

Профессор, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bereket.bk64@gmail.com

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНЕН ҚАЛҒАН ТАРИХИ МӘТЕЛДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ: МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Автор мақаласында Алтын Орда дәуірі кезінде жекелеген хандардың жүргізген саясаты мен іс-әрекеттеріне байланысты ел аузында сақталып қалған тарихи сөздер мен сөйлемдердің пайда болуы тарихын, мәні мен мазмұнын түсіндіруге тырысады. Солар арқылы жалпы Алтын Орта тарихының кейбір көмескі тұстарына тереңірек үңіліп, олардың қырларына ғылыми тұрғыда түсіндірмелер береді. «Дін Өзбектен қалған», «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген тарихи сөздердің пайда болуы мен мазмұнын түсіндіру арқылы XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда билеушілерінің ислам дініне көзқарастары мен Батый әулеті өкілдерінің тақ үшін жүргізген күрестерін көрсетуге тырысады. Мүмкіндігінше, әрбір билеушіге қысқаша тарихи баға беріледі. Батый ханнан Өзбек ханға дейінгі әрбір Сарай билеушісінің ислам дініне көзқарастары, Сарай тағын иелену жолындағы қанды күрестер нақты араб, парсы және түрік тілдерінде жазылған жазба деректер мәліметтеріне негізделіп қарастырылады.

Түйін сөздер: Алтын Орда, ислам, Батый, Берке хан, Тоқта хан, Өзбек хан, тақ, Жәнібек хан, Бердібек хан.

B. Karibayev

Doctor of Historical Sciences, Professor, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bereket.bk64@gmail.com

Historical proverbs and phrases of the Golden Horde era: meaning and content

In the article, the author tries to explain the history, meaning and content of the appearance of historical words and phrases that have been preserved thanks to the policies and actions of individual khans during the Golden Horde. Through them, he delves into some obscure aspects of the history of the Golden Horde as a whole and gives scientific explanations for these aspects. Explaining the origin and content of the historical words "Religion remained from Uzbek", "The neck of the Nara (camel) was cut in Berdibek," the author tries to show the views of the rulers of the Golden Horde in the XIII-XIV centuries on Islam and the struggle for the throne of representatives of the Batu dynasty.

Whenever possible, each ruler is given a brief historical assessment. The views of every palace ruler from Batu Khan to Uzbek Khan on Islam, the bloody struggle for the throne are examined on the basis of written sources in Arabic, Persian and Turkish.

Key words: Altyn Orda, Islam, Baty, Berke Khan, Tokta Khan, Uzbek Khan, throne, Zhanibek Khan, Berdibek Khan.

Б. Карибаев

Доктор исторических наук, профессор,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bereket.bk64@gmail.com

Исторические пословицы и фразы эпохи Золотой Орды: значение и содержание

В статье автор пытается объяснить историю, значение и содержание появления исторических слов и фраз, которые сохранились благодаря политике и действиям отдельных ханов во время Золотой Орды. Через них он углубляется в некоторые неясные аспекты истории Золотой орды в целом и дает научные объяснения этих аспектов. Объясняя происхождение и содержание исторических слов «Религия осталась от Узбека», «Шея Нара (верблюда) была разрезана в Бердибеке», автор пытается показать взгляды правителей Золотой Орды в XIII-XIV веках на ислам

и борьбу за престол представителей династии Батия. По возможности каждому правителю дается краткая историческая оценка. Взгляды каждого дворцового правителя от Бату-хана до Узбек хана на ислам, кровопролитная борьба за престол рассматриваются на основании письменных источников на арабском, персидском и турецком языках.

Ключевые слова: Алтын Орда, Ислам, Батый, Берке хан, Токта хан, Узбек хан, трон, Жанибек хан, Бердибек хан.

Кіріспе

XIII-XV ғасырларда Еуразия құрлығының басым бөлігінде, шығысы Ертіс өзенінен батыста Дунай өзеніне дейінгі орасан зор аумақта өмір сүрген Алтын Орда секілді алып империяның тарихы екі ғасырға жуық уақыт бойы тек арнайы зерттеуші мамандардың айналысып келген тақырыбы болса, соңғы жылдары алып империяның мерекелік датасына байланысты оған деген қоғам тарапынан қызығушылықтар арта түсіп, тақырыптың өзектілігін одан сайын арттырып отыр. Алтын Орданың тарихнамасы өте кең ауқымды қамтиды, әсіресе саяси тарихы, қоғамдық қатынастары, сыртқы қатынастары, әкімшілік-басқару жүйесі, жекелеген хандары мен маңызды оқиғалары, археологиясы, мәдениеті мен әдебиеті және тағы басқа мәселелері жөнінде мамандардың арнайы зерттеу еңбектері бар.

Дегенменде, әлі де болса, бұл көлемді тақырыптың зерттелмей жатқан қырлары мен тұстары жетерлік. Сондай қырларға Алтын Орда дәуіріндегі жекелеген хандардың өміріне, жүргізген саясатына, маңызды оқиғаларға қатысты жергілікті тұрғындар арасында пайда болып, жазба деректер немесе ауыз әдебиеті арқылы бүгінге дейін жетіп отырған тарихи сөз тіркестері жатады. Бұл тарихи сөз тіркестері жергілікті халықтың сол оқиғаға немесе тарихи тұлғаның болмысына қатысты көзқарасын, соларға қатысты халықтың бағасын көрсетсе керек. Біз оларды талдау арқылы сол замандағы оқиғаларды, тарихи тұлғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндіктер ала аламыз. Сол себепті де осы мақаламызда Алтын Орда дәуірінде нақты тарихи тұлғаларға, маңызды оқиғаларға қатысты пайда болған бірнеше тарихи сөз тіркестеріне тоқталып, олардың шығу себептері мен мазмұндарына тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Жалпы түрік халықтарының тарихында, оның ішінде қазақ халқының тарихында әр ғасырдағы белгілі бір оқиғалар мен тарихи тұлғаларға қатысты сақталған тарихи сөз тіркестері бар. Мысалы, XX ғасырдың 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдар басындағы елімізде

жүргізілген аграрлық реформа мен соның салдарлары туралы «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөйлемнен кеңестік биліктің бұл реформаны қалай жүзеге асырғанын көрсек, «Зар заман» деген сөз тіркесінен XIX ғасырдағы отарлық саясатқа қатысты қазақ халқының мұң-зары анық сезіліп тұр. Ал «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген сөз тіркесі XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының қазақ халқы үшін қандай ауыр болғандығын көз алдымызға елестетеді. Ал араб-парсы халықтары ортағасырларда аса маңызды оқиғаларды, танымал тарихи тұлғаларға қатысты болған оқиғаларды «аб-жад» арқылы беретіндігі белгілі. Ол дегеніміз – біріншіден, сан арқылы оқиғаның болған жылы көрсетілсе, екіншіден, сан арқылы берілген сөзден не сөз тіркесінен оқиғаның қысқаша мазмұны мен мәнін беру болған.

Енді біз төменде алдыңғы бетте айтып өткеніміздей, Алтын Орда дәуірінде пайда болған тарихи сөз тіркестерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, алтынордалық дәуірдің тарихына қатысты жазба деректер мен ауыз әдебиетіндегі материалдардың мәліметтері арқылы олардың пайда болуы мен мән-мағынасын түсіндіріп көрелік.

«Дін Өзбектен қалды» деген сөз

Алтын Орда дәуірінен ауыз әдебиеті арқылы күні бүгінге дейін жеткен тарихи сөз тіркестерінің біріне – «Дін Өзбектен қалды» деген сөз жатады. Бұл тарихи сөз тіркесін алғаш рет ел аузынан жазып алып, кітап бетіне түсірген Ш. Құдайбердіұлы болды (Құдайбердіұлы 1991:22). Қазіргі таңда бұл тарихи сөздің пайда болу тарихы мен мағынасын кейбіреулер жете білмегендіктен, қате түсініктерге барып жүр. Бұл тарихи сөз тіркесі – XIV ғасырдың бірінші жартысында, нақтырақ айтсақ, 1312-1342 жылдары Алтын Ордада хан болып, ислам дінін мемлекеттің ресми діні етіп жариялаған Батыйдың ұрпағы, Тоғырыл ұлы Өзбек ханның діни саясатына қатысты айтылып отыр. Осы жөнінде тереңірек тоқталайық.

Алдын ала ескерте кетеріміз, ислам дінінің Қазақстан мен Орта Азия аумағына тарала бастауы Алтын Орда заманынан жарты мың жыл бұрын, нақтырақ айтсақ, VIII ғасырдың екінші онжылдығының орталарынан басталады. XIII ғасырға дейін аталған аумақтағы тұрғындардың бәрі дерлік мұсылмандар болып саналды. Тек қана жаулап алу мен Ұлыстардың құрылуы кезінде Моңғолия аумағынан келген түрік және моңғол тілдес тайпалар, Шыңғыс хан ұрпақтары исламнан өзге дінде болатын. Төменде біз, Алтын Орда хандары мен Сарайдағы әмір, бектердің исламға көзқарастары мен саясаттарының қалай жүргізілгендігін, Өзбек хан бастаған мұсылмандық топтың жеңісі туралы қарастырамыз.

Өзбек ханның Алтын Ордада исламды ресми дін етіп жариялауы бірден бола қойған жоқ. Оның өзіндік тарихы бар. Көп жағдайда дін болсын, басқа да өзгерістердің ел ішінде таралуына биліктегі тұлғалардың шешуші роль атқаратындығы белгілі жайт. Алтын Орданың негізін қалаған Батый ханнан Өзбек ханға дейінгі 70-80 жылдай уақыт ішінде Жошы Ұлысы аумағындағы жергілікті тұрғындар мен билеуші әулеттің өкілдері арасында, сондай-ақ әлеуметтік топтың әртүрлі жіктелістері арасында дін мәселесінде еркіндік сақталғаны белгілі. Ал жекелеген хандар өздері мұсылмандықты қабылдап, исламның таралуына ықпал жасайды.

XIII ғасырдың ортасынан XIV ғасырдың ортасына дейін Алтын Ордаға Мысыр елінен келген ресми елшілердің, саудагерлердің, саяхатшылардың жазбаларында осы уақыт ішіндегі Сарайдағы хандардың ислам дініне қатысты ұстанымдары мен көзқарастары жақсы баяндалады. Батый ханның қай дінге болса да еркіндік бергені белгілі. Ал оның орнына келген Берке ханның мұсылманшылығы жөнінде жазба дерек мәліметтері мен XVI ғасырда қағазға түскен ауыз әдебиетінің материалдарында жақсы баяндалады. Парсы тарихшысы Жүзжанидың (1193 ж.т.) мәліметтерінде Берке хан дүниеге келісімен әкесі нәрестенің кіндігін мұсылман әйелге кестіріп, мұсылман әйелдің сүтін емізгендігін айтады (Из «Насириных разрядов» 1941:16). Осы сарындағы әңгімені XVI ғасырда Өтеміс қажы «Шыңғыс-наме» кітабында баяндап, «оның туа сала мұсылман болғандығын» жазады (Утемиш-хаджи 1992:96). Ал Египет тарихшысы Эннувейри (1279-1333) Берке ханның мұсылмандығы туралы былай деп жазады: «...Бұл Берке мұсылман болды және оның діншілдігі керемет болатын. Ол мұсылмандық дәстүрді енгізді, дін басыларына

құрмет көрсетіп, оларды өзіне жақын тартты, оларды жанында ұстап, дос болды, мемлекетте мешіттер мен мектептер салдырды. Ол Шыңғыс хан ұрпақтары арасында исламды алғашқы болып қабылдады... Ол мұсылман болған кезде оның халқының көп бөлігі исламды қабылдады» (Из энциклопедий Эннувейри 1884:151). Осылайша, 1256-1266 жылдары он жыл билікте болған Берке хан Алтын Ордада ислам дінінің кең таралуына жол ашып береді. Одан кейінгі кезеңде Алтын Орданың Моңғол империясынан заңды түрде бөлініп, жеке дербес мемлекет ретінде өмір сүруі ислам дінінің одан әрі таралуына еш зиянын тигізе қоймады.

Берке ханнан кейін Алтын Орда тағын иеленгендер: Батыйдың немересі, Тоғанның (Тұқан) ұлы Менгу Темір ханның (1266-1282), Менгу Темірдің інісі Тұда Мөңке ханның (1282-1287), Менгу Темірдің ұлы Тұла Бұқаның (1287-1292) және Менгу Темірдің тағы бір ұлы Тоқта ханның (Тоқтағай, Тоқтаға) (1292-1312) тұстарында әр ханның исламға көзқарасы мен ұстанымы, сондай-ақ Алтын Орданың Египетпен саяси және экономикалық қарым-қатынастарының екі жақ тарапынан да өте қарқынды жүруі Жошы ұлысы аумағында ислам дінінің тереңдеуі мен жайыла түсуіне зор ықпалын тигізеді. Берке ханнан кейін 16 жыл Сарай тағында отырған Менгу Темір ханның исламды қабылдағанын ешбір араб дерегінің мәліметі жазбайды. Бір дерек мәліметінде ол тіпті қайтыс болған бір сұлтанның жесірін оның ұлына үйлендірмек болғандығы айтылады (Из летописи Рукнедина Бейбарса 1884: 103). Бұл жағдай әрине, оның мұсылман болмағандығын көрсетсе керек. Ал ол қайтыс болғаннан кейін Сарай тағын иеленген інісі Тұда Мөңке ханның исламды қабылдағанын және өзіне Египет сұлтанынан мұсылманша есім сұрағанын араб авторлары баяндайды (Из биографии султана... 1884: 68; Из энциклопедий Эннувейри 1884: 165). Тіпті, оның мемлекеттің маңызды істерінен бас тартып, сопылық жолға түскені жөнінде айтылады (Из летописи Рукнедина Бейбарса 1884: 105-106). Ал 4-5 жыл билеуші болған Тұла Бұқа ханның ислам дініне қатысы жөнінде ешбір дерек мәліметі ақпар бермейді.

Тоқта ханның ислам дініне қатыстылығы туралы қарама-қайшылықты мәліметтер бар. Бір деректе оны дінсіз болды, бұттар мен жұлдыздарға табынды, ламаларды жақын тартты, әртүрлі дінді ұстағандардың ішінде мұсылмандарға ерекше құрмет көрсетті делінеді (Из летописи Шейха Эльбирзали 1884: 174; Из летописи Эддзехе 1884: 206; Летописи Ибн-Кесира 1884:

277). Ал басқа бір араб дерегінде Тоқтай хан мұсылман болды делінеді (Из сочинения Эльмуфаддала 1884: 196). Жоғарыда келтірген дерек мәліметтеріне талдаулар жасай келе, біз соңғы дерек мәліметінің ауылы ақиқаттан алыс жатыр деп санаймыз.

Осы жерде біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысы бар мынадай бір қызықты дерек мәліметін айта кетуіміз керек. Ол деректе: «Оның (Тоқта ханның – *Б.К.*) бір ұлы болды, одан артық келістіні ешкім көрген емес; ол мұсылман болды, түсінбесе де Құран оқығандарды тыңдауды жақсы көретін, әкесінен соң таққа келісімен исламнан басқа ешбір дінді бұл елде қалдырмаймын», – деп ойлайтын. Бірақ ол әкесінен бұрын қайтыс болды», – делінеді (Из летописи Шейха Эльбирзали 1884:174]. Ибнхальдун бойынша Тоқта ханның ұлының аты – Ильбасар, ал қайтыс болған жылы – 1319/1310 жыл делінген (Из истории Ибнхальдуна 1884: 384). Бұл дерек мәліметінен Алтын Орданың астанасында Батый ханнан тараған билеуші әулет өкілдері мен оның жақын туыстары арасында, бүкіл Жошының 14 ұлынан тараған сұлтандар арасында, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі әмірлер мен бектер арасында ислам дінінен басқа өзге де діндерді – шамандықты, бақсылықты, тәңіршілдікті, бұтқа табынушылықты ұстанушылардың бар болғанын көреміз. Және де олардың исламнан басқа өзге діндер мен діни сенімдерді ұстанып қана қоймай, өздерінің діни сенімдері негіз болған белгілі бір саяси күштерге ие болғанын байқаймыз. Сонымен бірге дерек мәліметтерінде айтылғандай, жаңа бір ханның таққа отыруы билеуші әулеттің өзге діни бағыттағы өкілдері мен олардың жақтастарының күштеп өлтірілуінің басты себептерінің біріне жатса керек. Тоқта хан ұлы Ильбасардың билікке келмей жатып-ақ, исламнан басқа өзге діннің бәрін елден қуатындығы туралы өз ойларын өзгелерге білдіріп қоюы оның әкесінен екі жыл ерте қайтыс болуына алып келуі де мүмкін.

Дегенменде, Ильбасар жүзеге асыра алмаған идеяны Тоқта ханнан кейін Сарай тағын иеленген Өзбек хан жүзеге асырады. Ол Ильбасардың жіберген қателігін қайталамау үшін билікке келісімен алғашқы қадамдарын басқаша бастайды.

Өзбек хан туралы араб, парсы, түрік тілдеріндегі деректердің бәрі ол жөнінде тек жағымды мәліметтер береді. Ол мәліметтерді жүйелесек, алдыменен Өзбек ханның шығу тегі, сырт келбеті, жеке қасиеттері, билікке келу, діншілдігі және мемлекет басқаруы мен Ал-

тын Ордада жүргізген ішкі-сыртқы саясаты деп шартты түрде топтастыруға болады. Біз бұл жерде «Дін Өзбектен қалды» деген тарихи сөздің пайда болуы мен мазмұнын түсіндіру үшін барлық мәліметтерге тоқталмай, тек өзімізге керектілеріне ғана талдаулар жасаймыз.

Өзбек ханның шығу тегін барлық авторлар бірдей былайша көрсетеді: Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Батый хан, одан Тоған (Тұқан), одан Меңгу Темір хан, одан Тоғырыл, ал одан Өзбек хан. Араб авторлары Өзбек ханды былайша суреттейді: «...Бұл жас жігіт өте келбетті де келісті, өте ақылды, тамаша мінезді, исламды жақсы ұстанған және батыл, ержүрек болатын» (Из летописи Шейха Эльбирзали 1884: 174; Из сочинения Эльмуфаддала 1884: 197; Из летописи Эддзехеби 1884: 206). Оның билікке келуі оңай болған жоқ. Тоқтай хан қайтыс болғаннан кейін Батый ұрпақтары ішінде тақты иеленуге үміттенгендер саны жетерлік еді. Сондай-ақ хан сарайы маңындағы әртүрлі лауазымдағы бектер мен әмірлердің дін мәселесіне келгенде Өзбекке ішкі наразылықтары қатты болатын. Ол жөнінде дерек мәліметі былай деп баяндайды: «... Әмірлердің Өзбекке жау болуына мынадай жағдай себеп болды. Өзбек үнемі олардан дінге сенуді және ислам дінін қабылдауды талап етіп отырды, оларды соған итермеледі. Ал әмірлер болса оған былай жауап беретін: «Сен бізден бағыну мен тәуелді болуды талап ет, ал біздің қандай сеніміміз бен қай дінге кіретінімізде шаруаң болмасын. Біз қалайша Шыңғыс ханның заңы мен жарғысынан бас тартып, арабтардың дініне өтеміз». Өзбек өз дегенінде тұрып алды, ал әмірлер болса, оған қарсы жау болып, теріс айналды, оның көзін жоюға тырысты» (Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141). Көріп отырғанымыздай, XIV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың билеуші тобы мен мемлекеттік биліктің жоғары деңгейіндегі адамдар арасында дін мәселесі бойынша біржақты ұстаным болмай, көпжақтылыққа негізделген әртүрлі топтар болып, көп жағдайда тақты иеленуде олар жан-жаққа бұрып отырады. Олардың пікірлері туралы: «Әмірлер мен нояндар хандық билік мәселесінде дауласа бастады», – деп жазады дерек мәліметі. (Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141).

Мұсылмандық топқа қарсы болғандардың ішінде әмір Құтлық Темір деген кісі «Патшалық Тоқтайдың ұлына тиесілі, бірақ алдымен Өзбекті тұтқындау керек, өйткені ол біздің жауымыз, сосын ғана Тоқтайдың ұлын отырғызуға болады, – дейді. Әмірлер осындай ұйғарыммен келіседі»

(Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141).

Өзбек те Сарайда жалғыз болмаған, оның діни ұстанымы мен бағытын қолдайтындар бірлесе отыра астыртын қимылға көшеді. Тоқта ханның тұсында мемлекеттегі барлық істерді басқаратын, яғни беклербек лауазымындағы тағы бір Құтлық Темір деген әмір Сарайда мұсылмандық топты басқарған секілді. Тоқта ханның қазасынан кейін әр топ өз адамдарын таққа отырғызу үшін әрекеттерге көшкен кезде, Әмір Құтлық Темір Тоқта ханның үлкен хатындарының бірі, бұрынғы Тоғырылдың әйелімен бірлесе отыра қимылдап, таққа Өзбекті отырғызу қажет деп шешеді. «Шыңғыс-намеде» бұл әйелдің есімі – Байалин-келін делініп, Өзбектің анасы деп айтылады (Утемиш-хаджи. 1992: 102). Араб тарихшысы Ибн-Дукмақтың (1308-1388) мәліметі бойынша әмір Құтлық Темір Өзбекті таққа отырғызбай тұрып, одан болашақта исламды қолдайтындығы туралы уәдесін алады (Из «Истории Хайдера Рази» 1941: 323). Осылайша, Тоқта ханнан кейін Алтын Ордадағы тақ мұрагері жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі топ пайда болып, әр топ өз адамын отырғызу үшін ашық күреске шыға бастайды.

Өзбек өзін қолдайтын топтың көмегі арқасында өзіне қарсы ұйымдастырылған қастандықтан аман құтылып шығады. Тез арада әскерін жиып, қарсы топты жеңіліске ұшыратады да, тақты иеленеді (Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141). Сөйтіп, Өзбек хан өте күрделі және шиелініскен қиын жағдайда жақтастарының көмегімен Алтын Орда тағын иеленеді.

Таққа отырысымен Өзбек хан алдымен өзіне қарсы болған топты қырғынға ұшыратады. Дерек мәліметіне жүгінсек, Тоқта ханның тағы бір ұлы мен оның жанындағы 120 Шыңғыс хан әулетінің өкілдері өлтірілген екен (Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141). Хайдер Рази болса, Өзбек хан Тоқта ханның 2 ұлын және жошылық 20 сұлтанды өлтірді деп жазады (Из «Истории Хайдера Рази» 1941: 213). Өтеміс қажының дерегінде Өзбек хан Жошының он жеті ұлынан тараған ұрпақтарды жиып, оларды Исатай мен Алатай есімді қият тайпасының бектеріне бөліп берді делінеді (Утемиш-хаджи 1992: 105). Қалай болса да, Өзбек хан билікке келісімен ең бірінші болып, өзіне қарсы болған саяси топты, яғни Алтын Ордада исламның таралуына қарсы, мұсылмандықты қолдамайтын күштерден құралған саяси топты тас-талқан

етіп жеңіліске ұшыратады. Кезінде осындай ойлары болған Тоқта ханның ұлы Ильбасар таққа келмей жатып, қайтыс болған еді. Ал Өзбек хан болса, Ильбасардың қателігіне бой алдырмай, тақты иеленгеннен кейін барып, исламның Алтын Ордада орнығуына кедергі жасап отырған күштерді талқандайды да, исламның орнығуына толық жол ашады.

Енді Өзбек ханның исламды Алтын Ордада жеңіске жеткізу жолындағы күресіне тоқталайық.

Өзбек хан уәдесінде тұрып, билікке келісімен Сарайда үлкен мешіт салдырады және әр жұма сайын намазға барып тұрады. Оның бұл әрекетіне түрік тайпаларының бір бөлігі қарсы болып, Өзбек ханды тақтан тайдырмақ болады. Билігін нығайтып алғаннан кейін Өзбек хан тағы да өзіне қарсы топтың екі жетекшісін және оларды қолдаушы бірнеше әмірлерді өлім жазасына кеседі (Из летописи Ибн-Дукмака 1884: 323). Осылайша, Өзбек хан Алтын Ордада исламды басқа діндерге қарағанда жоғары көтеру жолында алғашқы екі қадамдарын сәтті жүргізеді. Алғашқы қадамы – бұрынғы діни сенімдерінен айырылғысы келмеген шыңғыстық ұрпақтардың қарсылығын жеңу болса, екінші сәтті қадамына – исламға қарсы кейбір түрік тайпалары басшыларының кедергілерін жою жатты. Сөйтіп, дін басыларының исламды еркін уағыздауына кең жол ашылады.

Дерек мәліметтерінде Өзбек ханның билікке келгеннен кейін 8 жыл өткенде исламды қабылдағандығы туралы айтылады (Из «Родословия тюрков» 1941: 206). Біз бұл жерде дерек мәліметіне сын көзбен қарай келе, Өзбектің исламды қабылдаған жылы туралы ондағы мәліметті қате берілген деп санаймыз. Өйткені бұған дейінгі араб және парсы тілдеріндегі дерек мәліметтерінің бәрі дерлік Өзбек ханды тақты иеленгенге дейін мұсылман болғандығын жазған болатын. Дегенменде, билікке келгеннен кейінгі 8 жыл ішінде Өзбек хан Сарай қаласында және бүкіл Алтын Ордада үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Шыңғыс ұрпақтары мен түркілік этнотоптар басшыларының саяси және діни мәселе бойынша қарсылықтары толығымен жеңіліс табады, сол арқылы орталық атқарушы билікті нығайтады. Өзбек ханның толық жеңісімен ислам бағытындағы күштер де толық үстемдікке жетеді. Енді тек оны заңдастыру ғана қалады.

Өзбек хан 8 жылдан кейін, хижра бойынша 720 жылы, (12.П.1320-30.І.1321) түрікше тауық жылы сол дәуірдегі шейхтар мен мұсылмандардың шейхы, қасиетті Зеңгі-Ата

(Зеңгі Баба) мен ең жоғары титулдары бар, адасқандарға дұрыс жол көрсетуші, сейдтердің жетекшісі Сейіт-Атаның басшылығымен мұсылман болады. Қасиетті Сейт-Ата оған Сұлтан-Мұхаммед Өзбек хан деп жаңа мұсылман есімін береді. Сонымен сол күні халықтың көп бөлігі мұсылман болады (Из «Родословия тюрок» 1941: 206). Осындай өте маңызды оқиғаға жергілікті халық арасында зор беделі бар әрі тарихи тұлға, әрі рухани көсемдердің қатысуы халық санасы мен жадында мәңгі сақталып қалады. Сол кезден бастап ислам діні Алтын Орданың негізгі және басты дініне айналып, халықтың басым бөлігі мұсылмандықты қабылдайды (Istvan Vasary. 2009: 103). Тарихшы Хайдер Разидың жазуынша «...Хижраның 722 жылы (20.I.1322- 9.I.1323) оның (Өзбек ханның – Б.К.) қарсыластары қалмады. Одан кейін Жошы ұлысы Өзбек ұлысы деп аталады» (Из «Истории Хайдера Рази» 1941: 213).

Жалпы, Алтын Орда тарихымен айналысқан маман-тарихшылардың пікірінше Өзбек хан тұсында Алтын Орда өзінің ең шырқау биігіне көтерілген. Біз де олармен қосыла отыра, Өзбек хан тұсындағы Алтын Орданың қандай биікке көтерілгенін 1304-1377 жылдары өмір сүрген араб саяхатшысы Ибнбатутаның дерегімен көрсетуді жөн көріп отырмыз. Ол былай деп жазады: «Ол (Өзбек хан. – Б.К.) әлемдегі ең қуатты және құдіретті жеті патшаның бірі болды», – десе (Описания путешествий Ибнбатуты 1884: 290), әрі хан, әрі тарихшы Әбілғазы Өзбек ханның тарихи рөліне: «Елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты. Одан соң барша Жошы елі өзбек елі атанды», – деп баға береді (Әбілғазы 1991: 116).

Осылайша, ойларымызды түйіндей келе, Өзбек ханның тұсында Алтын Ордада ислам дінінің толығымен жеңіске жетіп, ислам туының желбіреуі сол дәуірдің аса маңызды оқиғаларының біріне айналады. Уақыт өте келе бұл оқиға аңызданып, атадан балаға, ғасырдан ғасырға жалғасып кетеді. Сөйтіп, Өзбек хан тұсында Алтын Ордада ислам діні ең негізгі дінге айналып, халықтың бәрі мұсылман болды деген ойды, халық: «Дін Өзбектен қалды» деген бір сөзбен айтатын болған. «Дін Өзбектен қалды» деген тарихи сөйлемнің пайда болуы мен мазмұны осындай.

«Нар мойыны Бердібекте кесілді»

Алтын Орда тарихына қатысы бар келесі ескерткіштің біріне – «Нар мойыны Бердібекте

кесілді» деген тарихи мәтел жатады. Хронологиялық жағынан алғанда мазмұнына Алтын Орда тарихының бір ғасырдан астам уақытын сидырған бұл тарихи ескерткіш алғаш рет XVII ғасырдағы Хиуа ханы, әрі тарихшысы Әбілғазы ханның еңбегінде кездеседі (Әбілғазы 1991: 117). Тарихи мәтелдің қысқаша анықтамасы: «Жошы ұлысы мен Алтын Орда тағында болған Батый хан және оның ұрпақтарының билігі Бердібек ханмен аяқталды» дегенді білдіреді. Енді осы тарихи ескерткішке айналған сөйлемнің мазмұнымен танысып көрелік.

Ресми түрде Батый ханның Жошы ұлысына билікке келген жылы – 1227 жыл, ал Батый хан әулетінің соңғы өкілі Бердібек ханның қастықпен өлтірілген жылы – 1359 жыл. Әулет билігінің Алтын Ордада Берке ханның (1256-1266) он жылдық билігімен қоса есептегенде ұзақтығы 132 жылды құрайды екен. Ал Алтын Орданың туы құлаған жылға 1502 жылдың жататыны белгілі. Осы даталарды негізге ала отыра Жошы ұлысы мен Алтын Ордада билік еткен Жошы ұрпақтарының мерзімі 278 жыл болса, оның жартысына жуығы, яғни 132 жылы Батый әулетіне тиесілі екен. Ал қалған 146 жылы Жошының қалған ұлдарының ұрпақтарына жатады.

Енді «Нар мойыны Бердібек хан тұсында кесілді» деген тарихи сөздің мазмұнына назар аударсақ.

132 жыл ішінде Батыйдың інісі Беркені қоса есептегенде 12 хан ресми түрде билікте болып, тақта отырған екен. Олардың ішінде Батыйдың ұлдары – Сартақ пен Ұлақшының және Өзбек ханның ұлы Тыныбек ханның билік ғұмыры өте қысқа болғандықтан, сол заманның тарихшыларының өздері олар туралы мәліметтерді жазба тарихқа енгізе қоймаған.

Батый ханнан кейінгі Алтын Орда хандарының тарихында тақты иелену үшін ашық және жасырын түрде аяусыз күрестер жүргенін жазба дерек мәліметтері баяндайды. Осы аяусыз күрестің алғашқы құрбаны Батый ханның ұлы Сартақ болды. Араб, парсы және түрік тілдеріндегі жазба деректерде Сартақтың кенеттен қайтыс болғандығы жөнінде тек айтылып қана өтілсе, армян деректері өлтірушінің кім екендігін ашық баяндайды. Авторы белгісіз, Себастици қаласының тұрғыны, тарихшы Себастици деген атпен белгілі армян тарихшысы өзінің «Жылнамасында» өзіне дейінгі армян тарихшыларының мәліметтеріне сүйеніп, XIV ғасырға дейінгі көптеген оқиғаларды баяндай келе, 1256 жылғы Батыйдың мұрагері Сартақтың

өліміне тікелей кінәлілер деп, сол кездің өзінде исламды қабылдап үлгірген Берке мен Берке-жарды (деректерде Беркечаллин делінеді) атап көрсетеді (Из «Летописи» Себастици 1962: 27). Сөйтіп, Батый ханның ұлы Сартақ Сарайдағы тақ үшін күрестің алғашқы құрбаны болып есептеледі. Сартақтың қазасынан кейін Батый ханның Тоған атты ұлының әйелі Борақшын хатын Ордадағы өзінің зор беделін пайдаланып, өз ұлы Тұда Менгуді билікке әкелмек болады да, Ирандағы Төленің ұлы Құлағудан көмек сұрайды. Оның астыртын әрекеті ашылып қалып, сол үшін ол тақ үшін күрестің екінші құрбанына айналады (Из энциклопедий Эннувейри 1884: 150-151). Одан кейін Батый ханның туған інісі Берке хан Сарай тағын он жыл, Тоғанның ұлы Менгу Темір хан 16 жыл, оның інісі Тұда Менгу 5 жыл тақ иесі болады.

1290 жылдан бастап Сарай тағы үшін Менгу Темір хан ұлдары арасында күрес жүріп, ол күрес Жошы ханның сол жылдардағы ең беделді ұрпағы, жалғыз көзді Ноғайдың белсене араласуымен өтеді. 1292 жылы Менгу Темірдің бір ұлы Тоқта хан Ноғайдың көмегімен бауыры Тұлабұқадан тақты тартып алып, оның және тағы бес бауырының қанын төгеді де, жеке дара билікке келеді (Из энциклопедий Эннувейри 1884: 155). Ал басқа бір дерек мәліметінде оның тақтан үміткер барлық сұлтандарды өлтіріп, таққа келгенін және шексіз билікке ие болғандығы баяндалады (Из «Летописи» Себастици 1961: 100). Өтеміс қажы дерегінде Тоқта ханның өз туыстарын өлтіруі туралы мынадай мәліметтер айтылады: «Ол өзі қайтыс болғаннан кейін ұлы Эль-Басармен (Ильбасар) тақ үшін ешкім таласпас үшін туыстары мен ұрпақтарын қырды» (Утемиш-хаджи 1992: 102). Ал 1300 жылы Тоқта хан Ноғаймен күресіп, оны жеңеді де, «ұзаққа созылған «Ноғай бұлғағына» нүкте қояды (Из энциклопедий Эннувейри 1884: 159-160).

Қарап отырсақ, Батый хан ұрпақтары Алтын Орда тағын иелену үшін және оны ұрпағына мұра етіп қалдыру үшін небір аяусыз қатыгездіктерге барып отырған екен. Тоқта ханнан кейін билікке келген Өзбек хан да бұл үрдісті одан әрі жалғастырады.

Алдыңғы беттердің бірінде айтып өткеніміздей, 1312 жылы Өзбек хан таққа отырысымен Тоқта ханның бір ұлы мен оның жанындағы 120 Шыңғыс хан әулетінің өкілдерін өлтірсе (Из «Продолжения Сборника летописей» 1941: 141), басқа бір деректе Тоқта ханның 2 ұлы мен 20 сұлтанды о дүниеге аттандырады (Из «Исто-

рии Шейх-Увейса» 1941: 213). Өзбек ханның Алтын Ордадағы билігі 30 жылға созылып, сол жылдары мемлекеттің қандай деңгейге жеткенін жоғарыда айтып өттік.

Өзбек ханның үш ұлы – Тінібек, Жәнібек және Хызырбек болған. 1342 жылы Өзбек хан қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Тінібек отырады. Жәнібек пен Хызырбек оған қарсы бас көтеріп, жеңіске жетеді де, оны өлтіреді және көп ұзамай сол жылы Жәнібек інісін де ағасының соңынан жібереді (Из «Истории Шейх-Увейса» 1941: 101). Туған бауырларын өлтіріп, 15 жыл хан болған Жәнібек ханның өзі 1357 жылы 22 шілдеде ұлы Бердібектің қолымен о дүниеге аттандырылады (Из «Истории Хайдера Рази» 1941: 214). Тарихта «әкесін өлтіріп таққа келгендерді «Жүзі Қара хан» деп атайтыны белгілі (Таварих-и гузида-йи... 1969: 37; Бахр ал-асрар 1969: 350). Бердібек хан да сондай атаққа лайықты тұлға деп санаймыз. Сөйтіп, таққұмар Бердібек хан қанды жолмен арманына жетеді.

Осылайша, алдыңғы беттердегі қысқаша шолудан көргеніміздей, Берке ханнан Бердібек ханға дейінгі Алтын Орда хандарының бәрі дерлік билік үшін бауырлары мен туыстарының сүйегін аттап өтіп, тақты иеленген екен. Тақ үшін күресте сарай әмірлері, ханның әйелдері, жергілікті тайпа бектері және әртүрлі топтар өз мүдделері үшін аса зор белсенділіктер танытады. Ал Бердібек ханның екі жылдық билігі тұсында өз туыстарына жасаған қатыгездіктері өзіне дейінгі хандардың бәрінің әрекеттерінен асып кетеді. Сол туралы төменде теренірек қарастыралық.

1357 жылы 22 шілдеде бірден Алтын Орда тағының иесі болған Бердібек хан ең алдымен, болашақта өзіне қауіп төндіретін туыстарын қырудан бастайды. Тарихшы Әбілғазы Бердібек ханның адами қасиеттері туралы: «Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді», – деп жаза келе, «Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкім қалдырмай, бәрін өлтірді», – деп мәлімет қалдырады (Әбілғазы 1991: 117). Оның өз бауырларын қалай өлтіргендігін «Ескендірдің анонимі» дерегінің авторы былайша баяндайды: «Ол (Бердібек) өзіне барлық сұлтандарды шақырып, бәрін бір сәтте өлтірді. Өзінің 8 айлық інісін Тайдұлла бегім қолына алып келіп, нәрестенің жанын қия гөр деп жалынып сұрағанда, Бердібек оның қолынан сәбиді алып, жерге ұрып өлтіреді» (Из «Анонима Искендира» 1941: 129). Ал Өтеміс қажының еңбегінде Бердібек ханның өз туыстарына жасаған жауыздығы төмендегідей баян-

далады: «Бұл Бердібек хан өте ақылсыз және мейірімсіз болды. Ол өз ұлдары мен жақын туыстарын хандыққа таласады деп өлтірді. Жұрттың айтуынша, қаңлы Төлебай (Туғлы бай, Тулубай) деген саны да көп, әрі күшті туыстары бар адам болыпты. Ол ханның аталығы екен. Ол не айтса да хан орындап отырыпты». Одан әрі Төлебайдың Самай атты ұлы болып, оның әрі батыр, әрі мерген болғандығы, Жәнібек хан заманында оның қарақшы болып, хан жарлығымен өлтірілгендігі айтылады. «Төлебай ұлының кегін қайтару мақсатында Бердібек ханға мынадай кеңес беріп, оны сендіреді. «Сен қазір жассың. Қазір сенен туылған ұлдар сенімен қатар есейеді. Сен күн сайын қартайған сайын, олар ержете бастайды. Қартайған кезінде олар сенімен тақ үшін таласып, тақты тартып алады. Сол себепті сен қазірден бастап оларды өлтіре бер». Сөйтіп бұл залым оны тыңдап, өз ұлдарын өлтірді» (Утемиш-хаджи 1992: 108). «Сол кезде Өзбек ханның әйелі, Жәнібек ханның анасы – өте беделді Тайтұғлы бегімнің көзі тірі еді. Сайын ханның (Батый хан. – *Б.К.*) ұрпақтарынан ешкім қалмаған кезде бегім: «Енді хандық пен жұрт Шайбан ұрпақтарының қолына өтеді», – деген екен» (Утемиш-хаджи 1992: 108-109). Орыс жылнамаларының мәліметтерінде Бердібек хан өзінің 12 бауырын өлтірді деп айтылады (Полное собрание русских летописей 1885: 229). Бердібек ханның билігі екі жылға созылып, ақыры ол аталығы Төлебай және басқа да әмірлермен қоса Сарай әмірлерінің қастандығының нәтижесінде

қаза табады (Полное собрание русских летописей 1885: 230-231).

Тағы да Әбілғазыға жүгінсек мынадай мәліметтерді кездестіреміз: «Бұл пәниден өзі (Бердібек ханды айтып отыр. – *Б.К.*) өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бармады, екі жылдан кейін 762 жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды. Өзбек ішінде, «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге балаларының әулеті патшалық құрды» (Утемиш-хаджи 1992: 117).

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтқанымыздай, Бердібек ханның тақ үшін таластардағы қатыгездігі өзіне дейінгі барлық хандардан асып түседі. Бердібек ханға дейінгі Алтын Орда билеушілері тақ үшін таластарда ағайындарын, немере туыстарын қырса, билікте ұзақ отырғысы келген Бердібек хан екі жыл ішінде туыстарымен бірге өз ұлдарын да аямаған. Соның нәтижесінде 1359 жылы Батый хан әулетінен ер адам қалмайды. Тайтұғлы бегімнің айтқан сөзі дәл келіп, Бердібектен соң Алтын Ордадағы хан тағы Батый әулетінің қолынан кетіп, Жошы ханның басқа ұлдарының ұрпақтарына ауысады. Бердібек ханның өлтірілуімен Алтын Орда тарихында келесі кезең басталып, тарихта оны «Ұлы дүрбелен» жылдары деп атайды.

Әдебиеттер

Әбілғазы (1991). Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі. 208 бет (Халық қазынасы).

Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахйар. (1969) //Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука.

Из «Анонима Искендира» (1941). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.

Из биографии султана Эльмелик-Эльмансура Калавуна (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.

Из летописи Ибн-Кесира (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.

Из истории Ибн-Хальдуна (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.

Из «Истории Шейх-Увейса» // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.

Из «Истории Хайдера Рази» (1941). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.

Из летописи Ибн-Дукмака (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.

Из летописи Рукнеддина Бейбарса (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.

Из «Летописи» Себастиана (1962). Мына кітапта: Армянские источники о монголах. –Москва.

- Из летописи Шейха Эльбирзали (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.
- Из летописи Эддзехи (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.
- Из «Насириных разрядов» Джуждхани (1941). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.
- Из «Продолжения Сборника летописей» (1941). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.
- Из «Родословия тюрков» (1941). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, Москва-Ленинград.
- Из сочинения Эльмуфаддала (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.
- Из энциклопедий Эннувейри (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.
- Кұдайбердіұлы Ш. (1991). Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.- Алматы: Қазақстан; Сана. – 80 бет.
- Описания путешествий Ибнбатуты (1884). // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, Санкт-Петербург.
- Полное собрание русских летописей, изданное по высочайшему повелению Археографическою комиссиею (1885). Т. 10. VIII. Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью Санкт-Петербург.
- Таварих-и гузида –йи нусрат-наме (1969) // Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука.
- Утемиш-хаджи (1992). Чингиз-наме. / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусейтовой. – Алма-Ата: Ғылым, – 296 с.
- Istvan Vasary (2009). The Cambridge history of Inner Asia. The Chinggisid Age. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen J. Frank and Peter B. Golden. Cambridge university press. 488 p.

References

- Abilgazy. Turik shezhiresi (1991). [Turkish chronicles]. Almaty. Ana tili. 208 p.
- Bahr al-asrar fi manakib al ahiar (1969). [Bahr al-asrar fi manakib al ahyar. Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV – XVIII centuries. (Extracts from Persian and Turkish essays). Compilers: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishchulina, V.P. Yudin]. Alma-Ata. Nauka.
- Iz «Anonima Iskendir» (1941). [From «Anonymous Alexander». V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. II. Moscow-Leningrad.
- Iz biografii sultana Elmelik-Elmansura Kalavuna (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz ensiklopedii Ennuveiri (1884). [From the Encyclopedias of Ennuveri. V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz istorii Ibnhalduna (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz «Istorii Haidera Razi» (1941). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. II. Moscow-Leningrad.
- Iz letopisi Eddzehi (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz letopisi Ibndukmaka (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Letopisi Ibnkesira (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz letopisi Rukneddina Beibarsa (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz «Letopisi» Sebastasi (1962). [From the Chronicles of Sebastian. In this book: Armenian sources about the Mongols]. Moscow.
- Iz letopisi Sheiha Elbirzali (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. I. Sankt-Peterburg.
- Iz «Istorii Sheih-Uveisa» (1941). [From the History of Sheikh Uweis. V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. II. Moscow-Leningrad.
- Iz «Nasirovyyh razriadov» Zhuzjani (1941). [From «Nasirov categories» Juzjani. V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Moscow-Leningrad. Т. II.
- Iz «Prodolzhenia Sbornika letopisei» (1941). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Т. II. Moscow-Leningrad.

Iz «Rodoslovia turkov» (1941). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T.II. Moscow-Leningrad.

Iz sochinenia Elmufaddalia (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T.I. Sankt-Peterburg.

Kudaiberdiuly Sh. (1991). Turik, Kyrgyz ham khandar shezhiresi [Chronicles of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and khans]. Almaty: Kazakhstan. 80 p.

Opisania puteshestvi Ibn batuty (1884). [V.G. Tizengauzen. Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T.I. Sankt-Peterburg.

Polnoe sobranie ruskikh letopisei, izdannoe po vysochaishemu poveleniu Arheograficheskoiu kommissieiu (1885). [Complete collection of Russian chronicles, published by the Highest Order of the Archaeological Commission. Chronicle collection, named after the Patriarch or Nikonov chronicle]. T.10. Sankt-Peterburg.

Tavarih-i guzida –ii nusrat-name (1969). [Tavarikh-i guzida-yi nusrat-name. Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV – XVIII centuries. (Extracts from Persian and Turkish essays). Compilers: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishchulina, V.P. Yudin]. Alma-Ata.

Utemish-haji.Chingiz-name (1992). [Utemish Haji. Genghis Name. Facsimile, translation, transcription, textological notes, study by V.P. Yudin. Comments and indexes of M.Kh. Abuseitova]. Alma-Ata. 296 p.

Istvan Vasary (2009). The Cambridge history of Inner Asia. The Chinggisid Age. Edited by Nicola Di Cosmo, Allen J. Frank and Peter B. Golden. Cambridge university press. 488 p.